БЕКІТЕМІН
Көлік колледжі директоры
_______ А.С. Нугымаров
«__»____ 2023 ж.

# «Ұлы дала» жобасының ережесі

## Жобаның мақсаты:

Ұлы дала тарихы – Елімізде мыңдаған жылдар бойы мекендеген халықтардың тарихи шежіресінің куәсі. Батыс пен Шығыс өркениеттерін тоғыстырған үндестік пен үйлесімнің бесігі, мәдени қазынасы мен тамырлы тарихы, жауһардай әдеби мұрасы мен жарқыраған асыл тілі, тасқа таңбаланған жазуы мен саф өнері - адамзат өркениетіне қосылған баға жетпес құнды байлығы екенін тыңдаушыға жеткізу.

## Жобаның міндеттері:

1. Қазақстанның оның ішіндегі ШҚО-ның тарихи ескерткіштерімен таныстыру.
2. Оларды қорғау, мақтаныш сезімін оятуға насихаттау.
3. Қасиетті жерлерге саяхат.

**Қатысушылар:** 11 ТРк, 11 ДМк, 11 ЭАк, 22ТМ, 33 ТЭМк топтарының студенттері.

## Шарттары:

Жобаға қатысушылар ұлы дала тарихы туралы деректерді тыңдай отырып, атаулы күндердегі жазушы, ақындардың өмірі, жалпы шығармашылығы туралы деректерді жинақтап, таныстырылым жасайды. ШҚО ұлы есімдері туралы эссе жазады. Дөңгелек үстел өткізу барысында өз ойларымен бөліседі. Қорытынды ретінде тарих туралы пікір алмасады. Жоба барысында аймақтық компонент сақталады.

**Оқу – көрнекі құралдар:** таныстырылым, қосымша деректер.

**Жобаның өткізу мерзімі:** Жыл бойы.

**Ережені әзірлеген:** қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Шотанова А.Н.